

Мөлшерлеме мөлшерін төмендету туралы

Күші жойғал

Ақмола облысы Зеренді аудандық мәслихатының 2024 жылғы 27 наурыздағы № 15-105 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 29 наурызда № 8739-03 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренді аудандық мәслихатының 2026 жылғы 16 ақпандағы № 41-298 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренді аудандық мәслихатының 16.02.2026 № 41-298 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі - осы шешімнің 2-тармағымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес, Зеренді аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Зеренді ауданында "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 696-3-бабы 4-тармағының екінші абзацында белгіленген мөлшерлеме мөлшері 4%-дан 2%-ға төмендетілсін.

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Зеренді аудандық мәслихатының төрағасы

Р.Габдуллина